Балаларға арналған автодром ойын-сауық алаңы мен жылдам тамақтану орнын ашу және жабдықтау қызметіне арналған жерді жалға алу

Орналасқан жері: Кентау қаласы, Абай даңғылы 2/6

Жер көлемі: 504,5 ш.м.

1. Тауарлар мен жабдықтарға қойылатын техникалық талаптар

Әлеуетті қатысушы төмендегі параметрлерге толық сәйкес келетін жабдықтарды жеткізуі, орнатуы және іске қосуы тиіс:

1.1 Жеңіл конструкциялы «Карусель» аттракционы

Типі: Вертикальді немесе көлбеу осьті, мобильді платформалы балалар каруселі.

Орнату тәсілі: Дайын металл немесе ағаш подиум-платформа үстіне, жер бедерін бұзбай орнату.

Қозғалыс жылдамдығы: 0.5-тен 1.5 м/с аспауы тиіс (айналу баяу және бірқалыпты).

Электр қуатын тұтыну: 2.2 кВт – 5.0 кВт аспауы керек. Желі кернеуі: 220В немесе 380В.

Қауіпсіздік элементтері: Әрбір отыру орнында механикалық бекіткіштер, белдіктер және балалардың өздігінен шығып кетуінен қорғайтын құлыптар болуы шарт.

Жас шектеуі: 2 жастан бастап (ата-ана сүйемелдеуімен).

1.2 Жеңіл конструкциялы «Бумеранг» аттракционы

Типі: Маятниктік үлгідегі, өздігінен тірелетін жартылай экстремалды мобильді аттракцион.

Орнату тәсілі: Механикалық немесе гидравликалық тіреуіш табандары (аутригерлері) бар платформа. Салмақты біркелкі бөлу үшін тірек астына қорғаныс брустары қойылады.

Қозғалыс траекториясы: Кабинаның маятниктік тербелісі (120° дейін) және отыру шеңберінің айналуы. Максималды биіктігі 6-8 метрден аспауы тиіс.

Электр қуатын тұтыну: 11 кВт – 22 кВт. Желі кернеуі: тек 380В (немесе автономды дизельді генератор).

Қауіпсіздік элементтері: Екі деңгейлі иық фиксаторлары (наплечные поручни), пневматикалық/механикалық автоматты құлыптар, құлыптың жабылуын қадағалайтын электронды датчиктер.

Апаттық жүйе: Желіде жарық өшкен жағдайда кабинаны автоматты түрде немесе механикалық жолмен қауіпсіз төменгі нүктеге түсіретін резервтік жүйенің болуы міндетті.

Жас/бой шектеуі: 12 жастан бастап (бойы 140 см-ден кем емес).

2. **Конструкция түрі:** Аттракциондар жеңіл конструкциялы (капиталдық емес, мобильді) болуы тиіс. Жерді қазу, іргетас (бетон) құю жұмыстары жүргізілмейді. Жабдықтар өздігінен тірелетін платформаларда немесе реттелмелі тіреуіш табандарда (аутригерлерде) орнатылуы шарт.

3. **Экологиялық және СЭС нормалары:** Өнімдер экологиялық тұрғыдан қауіпсіз, улы емес материалдардан жасалуы керек. Пайдалану кезінде қоршаған ортаға және жақын маңдағы ғимараттарға рұқсат етілген шу деңгейінен (СНиП нормалары бойынша) аспауы тиіс.

4. **Қоршау:** Әрбір аттракционның айналасында биіктігі кемінде 1.2 метр болатын, келушілердің қозғалыс аймағына өтіп кетуіне жол бермейтін металл немесе пластик қоршаулар орнатылуы тиіс. «Бумеранг» үшін қауіпсіздік радиусы кемінде 5 метрді құрауы шарт.

5. **Қорғаныс жабыны:** Карусельдің және құлау қаупі бар аймақтардың астына қалыңдығы кемінде 20-30 мм болатын, соққыны бәсеңдететін резеңке плиткалар немесе төсеніштер төселуі керек.

6. **Жерге тұйықтау (Заземление):** Барлық металл конструкциялар ұлттық ПУЭ (Электр қондырғыларын орнату ережелері) нормаларына сай жерге тұйықталуы және оның сынақ актісі болуы тиіс.

7. **Ақпараттық тақталар:** Әр аттракционның кіреберісінде пайдалану ережелері, жас, бой, салмақ шектеулері, сондай-ақ ТЖД және жедел жәрдем телефондары жазылған көрнекі тақталар орнатылуы шарт.

8. Әлеуетті қатысушыға қойылатын біліктілік талаптары

Конкурсқа қатысушы заңды түрде мына талаптарға сай болуы керек:

8.1 Стандарттарға сәйкестік: Жеткізілетін аттракцион жабдықтары **«Аттракциондардың қауіпсіздігі туралы»** техникалық регламентіне сәйкес келуі және тиісті сәйкестік сертификаты немесе декларациясы болуы тиіс.

9. Орындау және жеткізу мерзімдері

ҚР заңнамалық актілеріне және мемлекеттік тіркеу мерзімдеріне сәйкес, жобаны толық іске асырудың мерзімі: конкурс қорытындысы бойынша келісімшарт ресми тіркелген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспауы тиіс (жабдықтарды жеткізу, құрастыру, аттракцион орнату, аккредиттелген зертхананың техникалық куәландыруынан өткізу және акт алу, жергілікті атқарушы органда аттракционды ресми есепке қойып, пайдалануға рұқсат алу және т.б.).

10.Іске асыру мерзімі

Құрылыс жұмыстары толық аяқталып, нысан СЭС пен ТЖД (Өрт қауіпсіздігі) талаптарына сәйкестендірілгеннен кейін іске қосылады.